

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Аққайың ауданының аумағында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 69 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 мамырда N 13-2-116 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы N 78 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2011.03.25 N 78 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 19-бабының 3-тармағына, 23-бабының 1-тармағына, 44-бабына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасы азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығы, «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасы азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын жүзеге асыру туралы» 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулыларын негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыру мерзімін кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ, жиырма жеті жасқа толмаған оқу орындарынан шығарылған шақырылу бойынша әскери қызметтің орнатылған мерзімдерін атқармаған он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының ер азаматтарын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі Ішкі әскерлерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

комитетін, Қазақстан Республикасы Республикалық гвардиясын, Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар бойынша Министрлігін толықтыру үшін, қажет санда 2010 жылы сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қосымшаға сәйкес құрамда шақыруды өткізу үшін аудандық шақыру комиссиясы құрылсын.

3. Селолық округ әкімдері шақырылушылардың медициналық куәландырудан өту үшін жеткізілуін және әскери қызметін өтеу үшін жіберілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Аққайың аудандық орталық аурухана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) шақыру комиссиясымен жіберілген азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу үшін ұсынылсын:

аудандық орталық ауруханада орындар қарастырсын: терапевтік бөлімде – 10 орын, хирургия бөлімде - 4 орын;

комиссияны тәжірибелі дәрігер-мамандармен, медициналық қызметкерлермен толықтырсын, сондай-ақ мүлікпен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етсін;

рентген кабинетінің, функционалды диагностика кабинетінің, анализ тапсыру зертханаларының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

5. «Аққайың аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру бойынша шараларға шығыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен арнайы бөлінген қаржы шегінде уақтылы қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

6. Аудан әкімі аппаратының басшысы шақыруды өткізу мерзіміне шақыруды материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін техникалық жұмысшылардың 2 штаттық бірлігін (іс жүргізушілер) жұмысқа қабылдасын, шақырылушыларды тасымалдау үшін көлік жалдасын.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақырылушыларды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жіберу бойынша облыстық жинау пунктіне жеткізуді қамтамасыз етуі ұсынылсын.

8. «2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Аққайың ауданының аумағында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы» Аққайың аудан әкімдігінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі № 57 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу өңірлік тарауының тізілімінде № 13-2-97 тіркелді және 2009 жылғы 7 мамырда «Аққайың» № 13 және «Колос» № 18 газеттерінде жарияланды) қаулысының күші жойылды деп

Т а н ы л с ы н .

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қ. Нәсиге жүктелсін.

10. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан соң бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

Аққайың ауданының әкімі

Р. Елубаев

КЕЛІСІЛДІ	Күні	Қолы	Т.А.Ә
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Аққайың аудандық орталық аурухана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері			Т.С. Күсемісов
«Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер департаментінің Аққайың аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы			П.В. Мартынюк
«Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы			М.Б. Баймұқанов

А қ қ а й ы ң а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 6 с ә у р д е г і
№ 6 9 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2010.08.31 N 170 Қаулысымен

Гриб Виталий Владимирович	«Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша)
Скрипко Владимир Михайлович	«Аққайың ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің шұғыл мәселелер, төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жөніндегі бас маман, төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Жұмағұлов Қуаныш Ғосманұлы	«Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер департаментінің Аққайың аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының тәрбие бөлімі және кадр жұмысы бойынша орынбасары (келісім бойынша)
Құнанбаева Қайнұл Шайхымқызы	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Аққайың аудандық емхана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының терапевт-дәрігері, дәрігерлік комиссияның төрайымы (келісім бойынша)
Байбатырова Айнаш Нұрланқызы	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Аққайың аудандық емхана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)
Резервтік комиссияның құрамы	

Кишман Сергей Николаевич	«Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әскери қызметшелерді келесім-шарт бойынша алу және әскерге шақыру бөлімшесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Нәси Сырым Қажымұратұлы	аудан әкімінің орынбасары, төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері	
Жұмағұлов Серік Жақыпұлы	«Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер департаментінің Аққайың аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының қызмет бойынша орынбасары (келісім бойынша)
Ташмағамбетова Қаламқас Елубайқызы	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Аққайың аудандық емхана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас дәрігерінің орынбасары, дәрігерлік комиссияның төрайымы (келісім бойынша)
Ілішева Күлжан Нұрғалиқызы	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Аққайың аудандық емхана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК